



ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

24.06.2023 ж.

№ 6, 1-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты тұжырымдамасын іске асыру туралы

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы А. Мұқашеваның баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін (баяндама қоса беріледі), Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық Комитеті

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Барлық деңгейдегі Кәсіподақ органдары Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты тұжырымдамасын іске асыру туралы жұмысын әрі қарай жалғастырсын.

2. Мүшелік ұйымдар:

- әлеуметтік әріптестікті ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдірсін;

- алқалы органдардың отырыстарында кәсіподақ органдарында атқарушылық тәртіптің жай-күйін талдасын;

- жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларына және оны қорғауға құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысты жандандырып, кәсіподақ ұйымының барлық құрылымдарының осы бағыттағы барлық іс-шараларына қатысуын қамтамасыз етсін;

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі жұмыстарды жандандырсын;

- өңірлік салалық келісімдерде, ұжымдық шарттарда техникалық еңбек инспекторлары қызметінің кепілдіктерін көздеу, ұжымдық шарттарды орындауға арналған шығыстар сомасын және сала қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктерінің басқа да түрлерін ұлғайтуға қол жеткізсін;

- 2023 жылғы 1 қыркүйекке қарай статистикалық есептерді цифрландыру үшін мүшелік база бойынша мәліметтерді толық жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақтың Атқару комитетіне жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева